"ДАЭКО" акционерлік компаниясының импортталатын тауарларына кеден бажының ставкаларын және тиісінше 1995 жылдың 11 қаңтарына және 1 сәуіріне дейін қолданылған қосымша құн салығын салу тәртібін қолдану туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 14 қыркүйек N 1264. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.07.31. N 1190 қаулысымен. ~P971190

"Шетелдік инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының және Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (жалпы бөлім) 383 -бабының негізінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :

"ДАЭКО" акционерлік компаниясының импортталатын тауарларына кеден бажының ставкаларын және тиісінше 1995 жылдың 11 қаңтарына және 1 сәуіріне дейін қолданылған қосымша құн салығын салу тәртібін қолдану туралы Қазақстан Республикасының Кеден-тариф кеңесінің 1995 жылғы 19 шілдедегі N 4 шешіміне келісім берілсін.

Премьер-министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК